

БӨЛІМ: КОЛЛЕДЖ

Селекция ғылымы міндеттері және әдістері

ЖАРИЯЛАНДЫ
19.04.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/56018/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

«Бейнеу гуманитарлық-экономикалық колледжі» МКҚК

«Гуманитарлық колледждерде жаратылыстану пәндеріне жаңартылған білім мазмұнын қолданудың маңызы мен ерекшеліктері» тақырыбындағы әдістемелік күндер

Ашық сабақ

Пәні: Биология

Тақырыбы: Селекция ғылымы міндеттері және әдістері

Тобы: МТБ-18

Пән оқытушысы: Тыныштыкова Светлана Шалабаевна

Бейнеу 2018 жыл

Тобы: ШТБ-18 МТБ-18	Күні: 09.02.2018 09.02.2018
Пән: Биология	Пән мұғалімі: Тыныштыкова Светлана Шалабаевна

Сабақтың тақырыбы:	Селекция ғылымы міндеттері және әдістері
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме):	— Селекция ғылымының зерттеу нысандарын айқындау; — Өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдер селекциясының маңызын анықтау;
Тілдік мақсаттар:	Тақырып бойынша термин сөздердің мағынасын білу. Мыс: Іріктеме. Қолтұқым. Штам. Сұрыптау. Будандастыру. Шағылыстыру. т.б.
Бағалау критерийлері:	— Селекция ғылымының зерттеу нысандарын айқындайды; — Өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдер селекциясының маңызын талдайды.
Құндылықтарды тәрбиелеу:	Ұжымдаса жұмыс жасауға; Бір-бірін тыңдауға; Өз пікірін еркен жеткізе алуға.
Пәнаралық байланыс:	Ботаника, зоология, микробиология
Алдыңғы білімдер	Селекция ғылымы туралы. Н.И.Вавилов зерттеулері. Мәдени өсімдіктердің шығу орталықтары.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

Жоспарланған сабақ кезеңдері	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	1. Студенттермен амандасу. 2. Сабаққа дайындықтарын сұрау. 3. Топқа біріктіру. (құрамы 4 адамнан тұратын шағын топ) 4. Сабақ тақырыбы мен мақсатымен таныстыру	слайд
Негізгі бөлім: Білу.	1. <i>Тест жұмысы</i> (Kahoot бағдарламасы арқылы) Селекция ғылымы туралы алдыңғы білімдерін еске түсіру. 2. <i>Мәтінді оқу.</i> 1. Өсімдіктер селекциясы 2. Жануарлар селекциясы 3. Микроорганизмдер селекциясы	Ғаламтор желісіне қосылға ұялы телефон. Мәтінді парақшалар
Түсіну.	<i>Постер дайындау.</i> Берілген мәтінге сәйкес тірек-сызба арқылы постер дайындау. (Тақырыптарына сәйкес зерттеу әдістері, әдістерді қолдану ерекшеліктері, зерттеудегі жетістіктері туралы баяндалады) Постерді басқа топтарға таныстыру. 1. Тақырыптары ұқсақ топтар бір-бірін тыңдап, ой-пікір қосады. 2. Тақырыптары әр түрлі топтар үлкен топқа бірігіп, өз тақырыптарын түсіндіреді.	А3 форматындағы 6 флипчарт, фломастерлер, қара қарандаш, сызғыш т.б
Қолдану.	<i>Ойлан.Бірік.Бөліс</i> Селекция ғылымын өмірде неліктен қолданамыз? (берілген сұрақ бойынша жеке ойланады, топта талқылайды, топтың пікірін ортада айтылады)	слайд
Талдау.	<i>Т-кестесі арқылы салыстыру.</i> Селекция ғылымының тиімді сала ма? Селекция ғылымының жағымды және жағымсыз жақтарын ажырату.	Т-кестесі сызылған флипчарт

Жинақтау.	5 жолды өлең. 1. 1- Зат есім. (термин) 2. 2- Сын есім (терминге қатысты) 3. 3-Етістік (терминге қатысты) 4. Сөз тіркесі (терминге қатысты) 5. Синоним (терминге қатысты) Тақырып бойынша алған білімдерін жинақтау	Парақ, қалам
Бағалау. Кері байланыс	Селекция ғылымын әрі қарай дамыту қажет па? Padlet.com сайтына өз пікірлерін білдіру.	Ғаламтор желісіне қосылға ұялы телефон.
Қорытынды. Бағалау	Сабақ бойынша қорытындылау. Студенттерді бағалау	
Үйге тапсырмасы	«Қазіргі замандағы селекция ғылымының дамуы» тақырыбында хабарлама жазу	

№	Мұғалімнің іс-әрекеті	Студенттердің іс-әрекеті
1.	Студенттермен амандасады; Студенттердің бүгінгі сабаққа дайындықтарын сұрайды; Студенттерді құрамы 4 студенттен тұратын 6 топқа біріктіреді; Бүгінгі сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстырады	Мұғаліммен амандасады; Мұғалімнің нұсқауымен топқа бірігеді; сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныс болады.
2.	Сабаққа қатысты алдыңғы білімдерін, тест тапсырмалары арқылы жауап беруді ұсынады; Тест жұмысына студенттердің дайындығын тексеріп, тестті жүргізіп отырады; Сабақ тақырыбы бойынша қосымша білім алуда мәтінді парақшаларды топтарға таратады;	Сабақ тақырыбына сәйкес алдыңғы білімдерін тестке жауап беру арқылы еске түсіреді. Тестке ұялы телефон арқылы жауап береді. Мұғалімнің берген мәтінімен оқиды, танысады.
3.	Берілген мәтінді тірек-сызбалар арқылы флипчартқа түсіруді сұрайды; Дайын постерді басқа топта талқылауға және түсіндіру керектігіне бағыт береді;	Берілген мәтінді тірек-сызбалар арқылы флипчартқа түсіреді; Дайын постерді басқа топта талқылайды және түсіндіреді.
4.	Интерактивті тақтаға сұрақ бері, оны жеке ойланып, топта бірігіп, ортақ түйін жинақтау арқылы жауап беруді сұрайды	Берілген сұраққа әр бір студент жеке ойланады, топта талқылайды, ортақ түйінді айтады.
5.	Селекция ғылымының жағымды және жағымсыз жақтарын кестеге толтыруларын сұрайды;	Селекция ғылымының жағымды және жағымсыз жақтарын Т-кестесіне толтырады.
6.	Шығармашылық мақсатта жеке 5 жолды өлең құрауды сұрайды	5 жолды өлеңді берілген нұсқаулыққа сәйкес құрастырады.
7.	Padlet.com сайты арқылы бүгінгі сабақ бойынша, алған білімдері бойынша кері байланыс жасауды ұсынады	Ұялы телефон арқылы Padlet.com сайтына кіріп алған білімдері бойынша, бүгінгі сабақ бойынша кері байланыс жасайды.
8.	Бүгінгі сабақ бойынша қорытынды жасап, студенттерді бағалайды.	Бүгінгі сабақ бойынша алған білімдерін қорытындылайды.

Тест жұмысы

1. Селекция қандай мағынаны білдіреді?

- A) Іріктеу
B) **Сұрыптау**
C) Жинақтау
D) Бөлу

2. Селекция ғылымының негізін кім қалады?

- A) Г. Мендель
B) И. П. Павлов
C) **Н. И. Вавилов**
D) Х. Де. Фриз

3. Н. И. Вавилов мәдени өсімдіктердің қандай қасиеттеріне зерттеу жүргізді?

- A) **Шығу орталықтарына**
B) Өсетін орнына
C) Таралу аймағына
D) Өспейтін жерлеріне

4. Мәдени өсімдіктердің қанша шығу орталығы бар?

- A) 3
B) 5
C) 6
D) **8**

5. Мәдени өсімдіктермен қатар тағы қандай организмдерге зерттеу жүргізілді?

- A) **Үй жануарларына**
B) Жабайы аңдарға
C) Жабайы өсімдіктерге
D) Бөлме гүлдеріне

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.